

Ахмет Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебі

**Педагог-психолог  
жұмысының  
2023-2024 оқу жылының  
жарты жылдық есебі**

Педагог-психолог: Курмашева А.А

## **Ахмет Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебінің педагог-психологының 2023-2024 оқу жылының жарты жылдық есебі**

**Жұмыстың мақсаты:** оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету, оқушылардың толық ақыл-ой дамуына және олардың жеке басын қалыптастыруға қажетті психологиялық жағдайларды қамтамасыз ету.

Мектебіміздің оқушыларының психологиялық мінез-құлқын, байқампаздығын, танымдық қабілетін анықтауда олармен түрлі тақырыптарға жүргізілген әңгімелер, оқушылардың сынып арасындағы мінез-құлқын, басқа сынып оқушылармен қарым-қатынасын сақтап, оқушыларға кеңестер беріп отыру оқушының өзіне деген сенімін арттыра түсері анық. 2023-2024 оқу жылының жарты жылдық жұмысына есеп берер болсақ:

Қыркүйек айының 4 күні 1 сынып оқушыларын мектепке, сыныпқа бейімделуіне көмектесіп, оқушылардың көңіл күйін көтеру, икемділігін анықтап, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, бір-біріне достық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында «Алақай, мен оқушымын» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушыларға «Тамшылар» деген жаттығу ұйымдастырылды.

4 қыркүйек күні 5 сынып оқушылардың бейімділігін, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін және зейінін дамыту мақсатында тренинг өткізілді. Тренингта оқушылар «Доп алмасу», «PEN», «Сандар сөйлейді» деген қызықты жаттығуларды орындады.

11 қыркүйек күні 6 сынып оқушыларына ойлау қабілетін және зейінін дамыту, өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Бәрі мені қолымда» атты тренинг ұйымдастырылды. Бұл тренинг жаттығулары жылдамдықты, тез ойлауды қажет ететін жаттығулар болды. Оқушылар ойнай отырып зейіндерін, ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттырды.

11 қыркүйек күні 3 сыныпта оқушылар мен ата-аналар арасындағы байланысты дамыту, ата-анамен бірлесе отырып оқушыны тәрбиелеу, оқушыны ата-анамен өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру мақсатында оқушылар мен ата-аналарға «Біз біргеміз» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында «Пианино» және «Сезгіш суреттер» деген жаттығулар өткізілді.

11 қыркүйек күні 2 сынып оқушыларының көңіл-күйін көтеру, икемділігін анықтап, сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Жағымды қарым-қатынас» тренингі ұйымдастырылды.

14 қыркүйек 5-8 сыныптар арасында буллинг деген не екенін түсіндіру және буллингтен қорғану жолдарын түсіндіру мақсатында «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» атты вебинар өткізілді. Оқушылар буллинг деген не екенін түсінді және буллинг орын алған жағдайда көмектесу жолдарымен танысты.

18 қыркүйек күні 7-сынып оқушылар арасында ұйымшылдықты, бірлесіп дамытуды, өзін терең білуге көмектесу, жағымды көңіл-күй қалыптастыру және өнімді іс-әрекетке кедергі келтіретін мінез-құлқын өзгертуге көмектесу мақсатында : «Мен өзіме

сенемін» деген тақырыпта тренинг өткізілді. Тренинг барысында нейрожаттығулар орындалып, «Ұйымшыл» деген жаттығуда оқушылар бірігіп сурет салды. Оқушылар өте белсенді қатысты. 3-жаттығу «Сезіну» деп аталды.

19 қыркүйекте 5-8 сыныптардың қыздарымен қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

22 қыркүйек күні 1 сынып білім алушылардың ата-аналарынан «Балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында сауалнама алынып нәтижесі шығарылды. Сауалнамаға 1 сынып оқушыларының ата-аналары толық қатысты. Нәтижесі:

Жауаптары	сіздің балаңыз мектепке дайын деуге болады. Сіз онымен уақытыңызды текке кетірмепсіз, егер мектепте қандай да бір қиындықтар кезіксе- ол тез шешілетін мәселе.	сіз дұрыс жолдасыз, балаңыз көп нәрсені үйреніп қалды, ал сіздің ол сұрақтарға жауап бермеуіңіз- әлі де біраз тер төгу керек дегенді білдіреді.
Ата-аналар жауаптары	75%	25%

25 қыркүйек күні 4 сынып оқушылардың көңіл күйін көтеру, икемділігін анықтап, сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жағымды қарым-қатынас орнату, бір-біріне достық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында «Мектеп-мейірбандық мекені» деген тренинг ұйымдастырылды.

25 қыркүйек күні 8- сынып оқушылар арасында ұйымшылдықты, бірлесіп дамытуды, өзін терең білуге көмектесу, жағымды көңіл-күй қалыптастыру және өнімді іс-әрекетке кедергі келтіретін мінез-құлқын өзгертуге көмектесу мақсатында «Біз біргеміз-берік іргеміз!» атты тренинг өткізілді.

28 қыркүйек күні мектебімізде жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс педагогикалық кеңес беру, ата-ана құқықтары мен міндеттері, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді хабардар ету, білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес 202-2024 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жоспары, оқушыға жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардың келісімін алу туралы жөнінде өткізілді.

3 қазан күні 1 сынып оқушылардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн- Йерасек тесті алынды. Тесттің үш тапсырмасы да қолдың нәзік қозғалысының дамуын және қол қозғалысының үйлесімділігін анықтап дамытады. Нәтижесінде; 2-оқушы жоғары деңгей, 2-оқушы орташа деңгей, 1-оқушы төмен деңгей көрсетті.

4 қазан күні 5 сыныптың оқушыларынан бір-біріне деген қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Әдістеме

қорытындысы бойынша сынып ұйымшыл, өзіндік пікірлері жоғары, көпшілікке қосыла алатындығы анықталды.

10-16 қазан аралығында 3-5 сынып оқушылар арасында кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу мақсатында «Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау» әдістемесі алынды.

17 қазан күні 5 сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Алақай, мен 5-сыныпта оқимын» тренингі өткізілді.

18- қазан күні 2 сынып оқушыларына біріне- бірі жақсылық жасауға, көмек беруге үйрету, мейірімділік сезімін жақсы тілекпен, жақсы сөзбен жеткізуді үйрету, дағдыландыру мақсатында «Ғажайып әлемге саяхат» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында «Мен қандаймын?», «Орындарын ауыстыру», «Көңіл-күйді көтеру», «Кім ең мейірімді?», «Жүрек» жаттығулары ойнатылды.

20- қазан күні 1-сынып оқушылардың ата-аналарымен және 5-сынып оқушылардың ата-аналарымен «1-сынып және 5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста 1-сынып ата-аналарына және сынып жетекшілеріне кеңестер және оқушыларды мектепке бейімделу тақырыбында ақпараттар берілді.

23-қазан күні 3-сынып оқушыларымен мейірімділік, қамқорлық, кішіпейілділік мақсатында «Біз мейірімді баламыз» деген тренинг ұйымдастырылды.

25-қазан күні мектебімізде 5-8 сыныптар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында инспектормен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында инспекторлар оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар инспекторлармен әңгімелесіп, өз сұрақтарына жауап алды.

26-қазан күні 5-8 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы» тақырыбындағы бағдарламаны ата-аналарға ақпараттандыру, кеңес беру жөнінде жиналыс өтті. Ата-аналарға психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді.

7-қараша күні 1-4 сыныптардың оқушыларымен буллинг деген не екенін түсіндіру және буллингтен қорғану жолдарын түсіндіру мақсатында «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» деген тақырыпта вебинар өткізілді. Нәтижесінде оқушылар буллинг деген не екенін түсінді және буллинг орын алған жағдайда көмектесу жолдарымен танысты.

8-қараша күні 5-8 сыныптардың қыздарымен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайлыққа, инабаттылыққа,

мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» атты дөңгелек үстел өткізілді.

10-қараша күні мектебіміздің педагогтерімен өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру, баланың дамуына үлес қосу, әдіс- тәсілдерін жетілдіре отырып қарым –қатынас орнату мақсатында «Қарым-қатынас жарастығы» атты тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында педагогтер нейрожаттығулар жасады. 2 кезеңде педагогтер бірігіп сурет салды. Мұнда кардон ортасын тесіп маркер салып, кардон жан-жақтарына жіп тартылды. Педагогтер сол жіптен ұстап отырып, бір адамдай сурет салуы керек болды. 3 кезеңде педагогтер гүл стикері таратылды. Гүлдің әр талына тілек жазып бүктеп суға салды. Суға салған гүл ашылды. Тренинг соңында педагогтер кері байланыс беріп, тренинг өте қызықты өтті.

13-қараша күні 1-8 сыныптардың оқушыларынан оқу мотивациясының деңгейін бағалау мақсатында Н.Г.Лусканованың "Оқу мотивациясының деңгейін бағалау" әдістемесі бойынша сауалнама алынды. Қорытындысы:

Сыныптар	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып
Жоғары деңгей	1	2	2	2
Орташа деңгей	4	5	4	3
Төмен деңгей	-	1	-	-

Сыныптар	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
Мектептегі мотивацияның, оқу белсенділігінің жоғары деңгейі	-	5	2	1
Оқудың жақсы мотивациясы	4	1	3	3
Мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп сабақтан тыс жақтарымен көбірек тартады	-	-	-	1
Оқудың төмен мотивациясы	-	-	-	-
Мектепке деген теріс көзқарас, мектепке бейімсіздену	-	-	-	-

14-қараша күні 2 сынып ата-аналарымен баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс -тәсілдерін жетілдіре отырып қарым –қатынас орнату мақсатында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» атты тренинг өткізілді.

17-қараша күні 5-8 сыныптардың оқушыларымен зорлық-зомбылықтың алдың алу мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» деген тақырыпта вебинар өткізілді. Вебинар барысында оқушыларға презентация көрсетілді. Бала құқығы, міндеті, бала құқығы туралы заң бойынша да ақпараттар берілді. Өздерін, достарын зорлық-зомбылықтан қорғанудың жолдары туралы кеңестер ұсынылды. Қиын кезде оқушыларға хабарласуға болатын сенім телефондары жөнінде де айтылды. Сабақ соңында оқушыларға жадынамалар таратылды .

17-қараша күні 8- сынып оқушыларымен күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, меңгерту мақсатында «Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» атты тренинг ұйымдастырылды. Тренинг басында оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Креатив» ширату жаттығуы ойнатылды.

20-қараша күні 6-сынып оқушыларына өмір құндылықтарының мәнін ашу арқылы адам өмірінің сипаты мен тірлігі туралы ұғымдарын кеңейту, өмір сырын түсіну , өмір

сүру жолдары туралы өзіндік орнын, өмірлік бағдарын дамыту, ойлау, пайымдау, шешім қабылдау мақсатында «Мен өмірімнің жарқын болғанын қалаймын» деген тақырыпта тренинг өтті. «Сәлемдеме хат», «Өзінді теңей біл» жаттығулары болды.

20-қараша күні 1 сынып оқушыларымен өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру, түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу, бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру, өзіндік бағаны жоғарылату мақсатында «Менің қолымнан барлығы келеді» атты тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында «Менің есімім» жаттығуы, «Қасиеттер жиыны» ойыны ойнатылды.

22-қараша күні мектебіміздің педагогтерімен жасөспірім шақтағы өз-өзіне қол жұмсауға қандай факторлар итермелейтіні туралы, мектеп тарапынан жасөспірімдерге қандай қолдау көрсетуге болатыны, қай бағытта жұмыстар атқарылу керек мақсатында «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-тұрыстардың алдын алу» атты дөңгелек үстел өтті. Кездесу барысында педагогтер «Мен қоңырау кезінде дәлізде бастауыш сынып оқушысының көңіл-күйінің төмен екенін байқасам, ол маған ештеңе айтқысы келмесе, әрі қарай қандай әрекеттер жасаймын?» деген сауал қойды. Мұғалімдер дәріс барысында үйренген тәжірибелерімен бөлісе отырып, мәселені шешуге ұмтылды.

24-қараша күні мейірімділік сезіміне баулу, біріне-бірі жақсылық жасауға, көмек беруге үйрету, мейірімділік сезімін жақсы тілекпен, жақсы сөзбен жеткізуді үйрету, дағдыландыру мақсатында «Мейірімділік жүрегімде» атты тренинг өткізілді.

28-қараша күні 6-8 сыныптардың оқушыларымен күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру, күйзелістің шешу жолын көрсету, меңгерту мақсатында «Күйзеліс кезіндегі психологиялық көмек» атты тренинг ұйымдастырылды. Тренинг басында оқушыларға «Күлімдеу» жаттығуы ұйымдастырылды. Күлімдеу-керемет бір күшпен әрбір адамда бар ішкі энергияның қорын ашады. «Проблемаларды қиып тастаймын» жаттығуы ұйымдастырылды.

28-қараша күні 6-8 сыныптардың оқушыларынан стресске жақындығын айқындау мақсатында «Стресс –тест» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға жалпы мектеп бойынша 6-8 сынып оқушыларынан 19 білім алушы қатысты. Сауалнама 20 сұрақтан тұрады. Білім алушыларға түсіндіру жұмысы жүргізіліп, сауалнама талапқа сай алынды. Балалар өз ойларын ашық жазды. Нәтижесі төмендегідей болды.

11-45 ұпай: Сіздің өміріңіз түрлі әрекеттерге және күш салуға толы. Жаман болсын, жақсы болсын стресс сізді азаптайды, яғни сіз жетістікке жетесіз. Өмірлік көзқарасыңызды өзгерте алмағандықтан, өзіңіз туралы ойлауға уақыт бөліңіз. Сізге демалу қажет. Стресске жақынсыз.

46-60 ұпай: Сіздің өміріңіз – үнемі күресуде. Сіз қызмет бабында басында болуды армандайсыз. Басқалардың пікірі сіз үшін маңызды болмағандықтан сіз өзіңізді стресс күйінде ұстайсыз. Егер осы бағыттан таймасаңыз, көп жетістікке жетесіз, бірақта олар сізді қуанышқа әкеле ме? Дау-дамайдан аулақ болыңыз, ұсақ-түйекке ашуланбаңыз. Әрдайым жоғары нәтижеге жетем деп ұмтылмаңыз. Анда-санда өзіңізге демалыс беріңіз.

14 оқушы

5 оқушы

29-қараша күні 5 сынып оқушыларына болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз -өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру мақсатында «Менің жарқын болашағым» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды.

30-қараша күні мектебіміздің педагогтерімен күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, меңгерту мақсатында психологиялық кеңестер беріліп, пікір-алмасу жүргізілді.

6-желтоқсан күні мектебіміздің 5-8 сыныптардың оқушыларынан буллингке байланысты сауалнама алынды. Жалпы мектеп бойынша 5-8 сыныпта 24 білім алушы бар. Сауалнамаға 24 оқушы түгел қатысты. Қорытындысы:

№	Сауалнама сұрақтары	Оқушылардың жауаптары
1	«Буллинг» дегеннің не екенін білесіз бе?	а) иә -100%
2	Сізде адамдардың бір-біріне қорлық жасап жатқанына куә болдыңыз ба?	а)иә ә) жоқ-100%
3	Егерде ия болса қандай түрде?	а) қорлау б) арнамысына тию в) физикалық күш көрсету г) телефон арқылы қорлауды түсіру д) кибербуллинг (Интернеттегі қорлау, мазақ қылу және қорқыту
4	Сіз қорқыту немесе қорлаудың қатысушысы болдыңыз ба?	А) иә, бақылаушы ретінде б) иә, құрбан ретінде в) иә, агрессор ретінде г) жоқ, болмады-100%
5	Қорқыту қай жерде жиі кездеседі деп ойлайсыз?	а) мектепте б) аулада, көшеде- 42% в) әлеуметтік желілерде, интернетте-46 % е)басқа-12%
6	Сіздің көзқарасыңыз бойынша кімдер жиі буллингке ұшырайды	а) әлсіз және қарсы тұра алмайтындар- 100% б) басқалардан өзін өзгеше ұстайтындар в) өз пікірі бар
7	Сіздің ойыңызша сіз білім алып отырған мектепте,сыныпта көмекке мұқтаж оқушылар бар ма?	а)иә ә) жоқ-100%
8	Мұғалімдер тарапынан буллинг жасалған кездерді байқадыңыз ба?	а) ия, үнемі б) ия, анда-санда в) жоқ, болған жоқ.-100%
9	Сіздің ойыңызша буллингке ұшыраған балаларға, үлкендер тарапынан көмек жеткілікті ма?	а)ия-50% б) жоқ-25% в) ойланған емеспін -25%
10	Сіздің ойыңызша қорқыту және қорлаудан құтылу мүмкін бе?	а) ия, егер үлкендер дер кезінде байқаса-71% б) ия, егер қорланған бала, өзінің мінез құлқын өзгертсе-12% в)ия, қорлаушыны жазаласа-17% г) жоқ, мүмкін емес
11	Сіздің ойыңызша кім булингтің алдын ала алады?	а) мектеп әкімшілігі ( директор, завуч) -17% б)мұғалімдер ұжымы ( мұғалімдер, психолог, әлеуметтік педагог)- 71% в) ата-ана -12% в) оқушылар
12	Сіздің мектебіңізде агрессиялық қарым-	Білім алушылармен ұйымшылдық, татулық

Қорытындылай келе, білім алушылар «Буллинг», «Кибербуллинг» жайында хабардар. Буллингке ұшырап жатқан жағдайда кімнен көмек сұрайтындарын, сонымен қатар буллингтің қалай алдын- алу керектігі жайында ақпараттандырылған. Агрессиялық қарым-қатынас аз болу үшін білім алушылармен ұйымшылдық, татулық жайында көп шаралар өткізу, тренингтер, ашық алаңдар ұйымдастыру.

13-желтоқсан күні 5-8 сыныптардың ұлдарына зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу мақсатында «Ұл бала-ұлт қорғаны» атты семинар өткізілді.

15-желтоқсан күні 1 сынып ата-аналарымен мінез – құлық қасиеттерін анықтау, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Мен жақсы ата-анамын» атты тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында «Танысу», «Қай елдің амандасуы ұнайды?». ата- аналардың мінез -құлықтарын анықтау мақсатында «Жануарлар әлемі» жаттығуы ұйымдастырылды, ата- аналардың шапшаңдық, қимыл – қозғалыс дағдыларын қалыптастыру,көңіл – күйлерін көтеру мақсатында «Айдаһар» ойыны болды.

19-желтоқсан күні 5-8 сыныптардың оқушыларына жағымды көңіл-күй қалыптастыру және оқушылар арасында ұйымшылдыққа, бірлесіп дамытуға үйрету мақсатында «Керемет көңіл-күй» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру үшін әртүрлі қызықты, көңілді жаттығулар ойнатылды.

21-желтоқсан күні 4 сынып ата-аналарымен отбасылық құндылықтар туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу, адамдарға риясыз қызмет жасаудың маңыздылығы туралы түсіндіру, шынайылық қасиеттерін дамыту, айналасындағы адамдарға, жанашыр болуға тәрбиелеу мақсатында семинар өткізілді.

8-қаңтар күні мектебімізде 1-4 сыныптар арасында «Ағаштағы орныңыз қайсы?» деген әдістемесі алынды. Бұл тесттің авторы - әйгілі британдық психолог Пип Уилсон. Әдістеме адамның болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі.

15-қаңтар күні Э.Ф.Замбацявичененің бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтау мақсатында стандартталған әдістемесі алынды.

Зерттеу әдістемесі р.Амтхауэрге сәйкес интеллект құрылымын сынаудың кейбір әдістері негізінде жасалған. Р. Амтхауэрдің интеллект құрылымының сынағы сөйлеу, математикалық қабілеттерін, кеңістіктік қиялын және жадын өлшеу үшін қолданылатын 9 субтестті қамтыды.

17-қаңтар күні мектебімізде білім беру ортасында мұғалімдердің психикалық денсаулығын сақтау мақсатында «Педагогтың кәсіби психологиялық денсаулығы» кәсіби күүдің алдын алу тақырыбында тренинг өткізілді.



Тренинг үш бөлімнен тұрады: \* Бірінші (кіріспе) тренингке қатысушылардың бір-біріне сенім, тілектестік және қабылдау атмосферасын құруға бағытталған. \* Екінші (негізгі) - бұл диагностикалық компонент және эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын игеру. \* Үшінші (қорытынды) позитивті өзін-өзі қабылдау және рефлексия дағдыларын қалыптастыруға бағытталған болды.

18-қаңтар күні мектебімізде педагогтерге оқушылардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын-алу үшін балаларды ақыл-ой әрекетін белсендіруге, сөйлеу қабілетін дамытуға, практикалық тәжірибесін кеңейтуге бағыттау мақсатында кеңес берілді.

22-қаңтар күні 7-8 сыныптардың оқушыларынан Ф.Зеер, А.М.Павлов, Н.О.Садовниковтың сигнал жүйелерінің құрылымын диагностикалау әдістемесі алынды.

29-қаңтар күні мектебімізде мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына арналған И. М. Марковскаяның "Ата-ананың баламен қарым-қатынасы" сауалнамасы (АБҚ) алынды.

Сауалнаманың басты мақсаты — ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынасын талдау. "Өзара әрекеттесу" ұғымын автор кеңінен түсіндіреді және ата-ананың балаға эмоционалды қатынасын, ата-ананың тәрбиелік ұстанымының ерекшеліктерін, өзара әрекеттесуге қатысушылардың келісімділігі мен қанағаттанушылығын қамтыды.

29-қаңтар күні мектебімізде «ДосболLIKE: Достық қолын ұсын» акциясы барысында 5-8 сынып оқушылары арасында достық қарым-қатынас орнату, жағымды көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «Дос болайық» тренингі өткізілді.

5-ақпан күні 5-7 сыныптар арасында Өзіне және өз өміріне сенімді адам, өзінің жеке құндылықтары мен мінез ерекшеліктеріне еркін басшылық жасай алатындығына, әр адам - өзіне-өзі жоғары төреші, өзінің ойы мен сезімін, мінез-құлығын өздігінше бағалауға толық құқы бар екендігін түсіндіру мақсатында «Адам өзіне қалай сенімді бола алады?» тақырыбында кеңес берілді.

6-ақпан күні 1 сыныптың оқушыларымен оқушыларды достарымен жағымды қарым-қатынас жасауға үйрету, достыққа, татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Достық, татулық-өмірдің қазығы» тақырыбында тренинг өткізілді.

7-ақпан күні 5-8 сыныптар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектебімізде инспектормен кездесу өтті. Оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар инспекторлармен әңгімелесіп, өз сұрақтарына жауап алды.

7-ақпан күні 2 сыныптың оқушыларымен қобалжуды төмендету, топ ішіндегі ұйымшылдыққа жету, өзінің жеке топтағы алған өзара әрекеттестік тәжірибесін жинақтау, топтың әрбір мүшесіне кері байланысты қамтамасыз ету, айналадағыларды қолдау көрсете білуге немесе қабылдауға дамыту мақсатында «Біз және біздің сынып» атты тақырыпта тренинг ұйымдастырылды.

8-ақпан күні 3 сыныптың оқушыларымен балалардың қоғамға рухани қарым-қатынасты қалыптастыру, ойлауға, өмірді бағалауға және рухани ойлауды үйрету, бір - біріне сенімділігін арттыру, қарым-қатынастарын нығайту мақсатында «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді.

9-ақпан күні 4 сыныптың оқушыларымен оқушылардың адалдық, парасаттылық, шындық туралы түсініктерін кеңейту, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, жат әдеттерден аулақ жүруге үйрету, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету мақсатында «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

12-ақпан күні 5 сыныптың оқушыларымен дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында «Татулық-достық кілті» тақырыбында тренинг өткізілді.

13-ақпан күні 2 сыныптың оқушыларымен оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету; оқушыларға адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу мақсатында «Адамгершілік- рухани байлық» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

14-ақпан күні 3 сыныптың оқушыларына бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру мақсатында «Отбасыммен бірге өткізген күндерім» тақырыбында тренинг өткізілді.

15-ақпан күні «Бақытты өмір» ұғымының мән-мағынасын ашу арқылы оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін тереңдету мақсатында : « Жалпыадамзаттық құндылықтар-бақытты өмірдің кілті» тақырыбында тренинг өткізілді.

16-ақпан күні 5-8 сыныптар арасында оқушыларға эмоция мен сезімнің адамның айналадағы өмір шындығына тигізер әсері туралы түсінік беру және эмоция мен сезімдерді қалай басқаруға болатындығын үйрету мақсатында «Эмоцияны басқару әдістері» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

19-ақпан күні 6 сыныптың оқушыларымен адамдардың бір-біріне деген мейірім шапағатының мән-мағынасын түсіндіру, жанында жүрген адамдарға деген сүйіспеншілікті дамыту және жанында жүрген достарына, адамдарға мейірімді, адал болуға тәрбиелеу мақсатында «Мейірімділік-рухани жан байлығы» тақырыбында тренинг өткізілді.

20-ақпан күні 7 сынып оқушыларының бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету мақсатында «Сүйіспеншілік-адамның басты қасиеті» тақырыбында тренинг өткізілді.

21-ақпан күні 8 сыныптың оқушылар арасында ұйымшылдықты, бірлесіп дамытуды, өзін терең білуге көмектесу, жағымды көңіл-күй қалыптастыру және өнімді іс-әрекетке кедергі келтіретін мінез-құлқын өзгертуге көмектесу мақсатында «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» тақырыбында тренинг өткізілді.

11-наурыз күні 7 сыныптың оқушыларымен сыйластық, мейірімділік, инабаттылық, имандылық қасиеттер туралы түсінік беру және әр оқушының өзіндік ой қиялына ерік бере отырып өзінше ой түйеге баулу мақсатында «Өзінді-өзің сыйласаң жат жаныңнан түңілер» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

13-наурыз күні мектебіміздің педагогтарынан тұлғаның фигура таңдау негізінде мінез-құлқының егжей-тегжейлі сипаттамасын беру мақсатында Сьюзен Деллингердің психогеометриялық сынағы тест алынды.

14-наурыз күні 8 сыныптың оқушыларынан «Алаңдаушылық шкаласы» әдісі алынды. Бұл түрдегі шкалардың артықшылығы, біріншіден, олар шындықтың аймақтарын, оқушының мазасыздануының негізгі көзі болып табылатын нысандарды анықтауға мүмкіндік береді, екіншіден, сауалнамалардың басқа түрлеріне қарағанда олар аз дәрежеде оқушылардың интроспекциясының даму ерекшеліктеріне тәуелді болады.

15-наурыз күні 8 сыныптың оқушыларына жас мамандардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, мақсаткерлік, кешірімділік туралы ойларын жетілдіру мақсатында «Әрбір жан өз бақытының шебері» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

19-наурыз күні мектебімізде «Өтпелі жастың ерекшелігі» ата-аналарға ақпараттандыру, кеңес беру» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жасөспірімдік кезеңдегі бала мінез-құлығындағы өзгерістер, өтпелі кезең жайлы қысқаша түсіндіру, жасөспірімдік жастың психо-физиологиялық ерекшеліктері және бала мінез-құлқындағы олардың көріністері деген мәселелер қарастырылды.

2-сәуір күні 8 сыныптың оқушыларынан Интеллект түрлері бойынша сауалнама(Г. Гарднер) алынды. Лингвистикалық, математикалық-логикалық, тұлға ішілік, көрнекі-кеңістіктік, музыкалық, тұлғааралық типтерге бөлінгенін анықтады.

8-сәуір күні 5-8 сыныптардың оқушыларынан Депрессия шкаласы әдістемесі алынды. Бала депрессияға ұшырайды деп айта аласыз ба? Мұны психолог немесе психиатр жүргізген диагностикалық сұхбатсыз айту мүмкін емес. Бірақ бұл тестті тапсыруды ұсына отырып, шамамен түсінік ала аласыз. Бұл депрессияны тексерудің өзгертілген нұсқасы. Оны ұлттық психикалық денсаулық институтының эпидемиологиялық зерттеулер орталығының қызметкерлері жасаған. Ол "балаларға арналған депрессия шкаласы" (CES-DC) деп аталды. Кейде балаларға не сезінетінін айту үшін дұрыс сөздерді табу қиынға соғады. Бұл жағдайда бұл тест көмектесе алады.

17-сәуір күні 8 сыныптың оқушыларынан кешірімділіктің дұрыс әрекет екендігін ұғындыру, кешіре білу қасиеттерін дамыту, мейірімділік, ақылдылық, рақымшылдық, адамгершілік қасиеттерін көрсете білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында «Кешірім сұрау-бақыттың баспалдағы» атты тақырыпта тренинг ұйымдастырылды.

19-сәуір күні мектебіміздің педагогтарына педагогтық әдеп туралы түсінік беру, мұғалім мен оқушылардың арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға ықпал жасау. Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл – күйлерін көтеру мақсатында «Мұғалімнің педагогтық әдебі мен мәдениеті» тақырыбында баяндама өткізілді.





